

2021 жылға Байзак ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Жамбыл облысы Байзак ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 190 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 30 сәуірде № 4969 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 37-бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9, 27-баптарына сәйкес, Байзак ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Байзак ауданы бойынша ұйымдық-құқықтық және меншік нысандарына қарамастан ұйымдар үшін ұйымның тізімдік санынан пайыздық көрсетілімінде 2021 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына қызметкерлердің жалпы санынан квоталар қосымшага сәйкес белгіленсін.

2. "Байзак ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша квота шараларының ұйымдастырылуын қамтамасыз етсін.

3. "Байзак ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамаларда белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін. Ауданның ресми интернет ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Дәуір Рысбайұлы Дәулетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Байзак ауданының әкімі

Б. Казанбасов

Байзак ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 30 сәуірдегі
№ 190 қаулысы қосымша

2021 жылға Байзак ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

№	Үйымның атасы	Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Белгіленген квота мөлшері			
			Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар		Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар	
			Жұмыс керлердің тізімдік санынан %	Жұмыс орындарының саны (бірлік)	Жұмыс керлердің тізімдік санынан %	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"Рауан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	15	13%	2	13%	2
2	"Айдын" шаруа қожалығы	2	50%	1	-	-
3	"Әулие-Ата Феникс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	247	-	-	0,4%	1
	Жеке кәсіпкер "Калмуратов А.К."	2	50%	1	-	-
	"Құмжота" шаруа қожалығы	10	10%	1	10%	1
	Барлығы:	276	-	5	-	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК